

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ТҮЗЕУ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ ПРАКТИКАЛЫҚ  
ОРТАЛЫҒЫ

ДИЗАРТРИЯСЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ  
БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ-  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Церебралды сал ауруына шалдыққан анартриясы бар  
балаларға логопедиялық массажды қолдану ерекшеліктері

Әдістемелік нұсқаулық  
III бөлім

Алматы, 2016

ӨӘЖ 376  
А 32

Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесімен мақұлданған және ұсынылған (5 қазан 2016, хаттама №10).

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім беру Департаментімен ұсынылған (№13093, 13092/11-3/70-вн. Бұйрық 13.01.2017 ж.).

**Пікір бергендер:**

**А.А. Тайжан**– м.ғ.д., профессор

**Г.С.Оразаева**– ТП ҰҒПО директоры, п.ғ.к., доцент

**Автор - Ж.Т. Естемесова**

Е 85

Дизартриясы бар мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін түзету-педагогикалық жұмысының технологиясы: 3 бөлімдік әдістемелік нұсқаулық/ Ж.Т. Естемесова. - Алматы: ҰП ҰҒПО, 2016.- 35 б.

ISBN 978-601-7131-66-1 3 бөлім.- 2016-306  
ISBN 978-601-7131-67-8

Бұл әдістемелік нұсқаулық жалпы және арнайы білім беру мекемелерінде қызмет атқаратын логопед мамандарына арналған. Әдістемелік нұсқаулықта логопедиялық массаждың түрлері мен ерекшеліктері сипатталған. Логопедиялық массажды церебралды сал ауруына шалдыққан анартриясы бар балаларға қолдану тәсілдері топтастырылған. Бұл әдістемелік нұсқалықтан арнайы мамандар логопедиялық тәжірибеде қолдануға тиімді әдіс-тәсілдер туралы ақпарат ала алады.

ӨӘЖ 376

ISBN 978-601-7131-67-8 (3 бөлім)  
ISBN 978-601-7131-66-1 (орт)

© ТП ҰҒПО, 2016  
© Естемесова Ж.Т. 2016

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1 Сал ауруы бар балаларда болатын сөйлеу тіліндегі бұзылыс ерекшеліктері.....	7
2 Массаждың анатомиялық-физиологиялық негізделуі, оның адам ағзасына әсер ету механизмі. Артикуляциялық аппаратты зерттеу.....	11
3 Логопедиялық массаждың мақсаты мен міндеттері, көрсеткіштер мен қарсылықтар. Логопедиялық массаж түрлері мен оларды қолдану тәсілдері.....	16
ҚОРЫТЫНДЫ.....	33
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	35

*Артикуляциялық аппаратқа жасалатын массаж бен артикуляциялық жаттығулар дамуы тежелген және оған жақын орналасқан ми аймақтарының қызметтерін жақсартып, жағымды әсер етеді.*  
*М.Е.Хватцев*

## КІРІСПЕ

*Әдістемелік құралдың өзектілігі.* Статистикалық деректерге сүйенетін болсақ, соңғы жылдары мүмкіндіктері шектеулі балалардың саны күн санап артып келеді. Оның ішінде тіл дамуында әр түрлі дәрежедегі ауытқулары бар балалар да бар. Бұл балаларға оналту орталықтарында, түзету кабинеттері мен логопедиялық бөлімшелерде, сонымен қатар бала бақшалар мен мектептерде арнайы логопедиялық қолдау көрсетіледі. Мұндай білім беру мекемелерінде арнайы логопед мамандары қызмет көрсетеді. Логопедиялық қолдаудың негізгі бөлігі ретінде логопедиялық массажды атап өткен жөн. Қазіргі таңдағы дамуында ауыр тіл тежелістері бар мүмкіндіктері шектеулі балалармен логопедиялық жұмыс барысында қолданылатын массаждың әдістемелік-ұйымдастырушылық негіздерін сипаттайтын қазақ тіліндегі әдебиеттер мен әдістемелік құралдардың аздығы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Осы себепті бұл әдістемелік құралдың негізгі мақсатын: ауыр тіл мүкістіктері бар балаларға логопедиялық массаж жасаудың әдістемелік-ұйымдастырушылық негіздерін жасау деп белгіледік.

Аталған мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылды:

- логопедиялық массаж әдістер туралы әдебиеттерге шолу жасау;
- логопедиялық массажды тиімді қолданудың негізін жасау;
- логопедиялық массаждың әр түрлі авторлық әдіс-тәсілдерін топтастырып, ерекшеліктерін сипаттау.

Бұл әдістемелік құралда әр түрлі авторлық логопедиялық массаж әдістерінің топтастырылуы мен оларды тәжірибеде қолдану туралы нұсқаулықтардың берілуі және ақпараттың қазақ тілді мамандарға қол жетімді болуы жұмыстың негізгі жаңалығыдеуге болады.

Массаж — бұл адамға физикалық және энергетикалық әсер ету тәсілі болып табылады. Массаж арқылы адам ағзасын тынықтыруға әрі ауырсынуды басуға болады. Сонымен қатар массаж ауру-

ды жеңуге де және балалардың танымдық, тілдік және физикалық қабілеттерін дамытуға да көмектеседі[1].

Адамзаттың массажды мақсатты түрде қолдана бастаған кезеңін дөп басып айту қиын. Алайда, массаж туралы ақпарат беретін көне жазбалар мен тастардағы суреттерге көз салсақ, әлемде бұл әдіс өте көне заманнан бастап қолданыла бастағанын байқаймыз. Ежелгі заманда Тынық мұхит аралдарын мекендеген тайпалар емдік массажды қолданғандары туралы деректер кездеседі. Ежелгі үнді медициналық «Аюр-Вед» трактаттарында массаждың негізгі әдістері жазылған. Ол кездері массажды тек діни қызметкерлер ғана жасаған екен. Қарапайым халық діни қызметкерлердің қолмен ем жүргізгенін тылсым күшке теңеген. Үндістер массаж әдістерін Александр Македонскийдің өз елдеріне басып кірген кездері де (б.д.д 327ж.) қолданған. Әсіресе осы әдіспен жылан шаққан әскерлерді емдеген екен.

Біздің дәуірге дейінгі кезде массаж өнері Үнді елінен көршілес Непал мен Цейлон елдеріне тарай бастаған. Ежелгі үнді жазбаларында Непалда б.д. дейінгі 1000 жылдары көптеген медициналық мектептердің болғаны және оларда дәрігерлердің тәлім алғандықтары туралы жазылған.

Осылайша, үнді елінде даму тапқан массаж өнері «аспан асты елі» Қытайға да келіп жеткен. Қытай массажындағы буындарды созу әдісі негізгі ерекшелік болып табылады. Біздің эрамызға дейінгі 2698 жылы «Конг-фу» атты массаж туралы кітап жазылып, осы күнге дейін келіп жеткен. VI ғасырда Қытайда алғашқы мемлекеттік медициналық институттың ірге тасы қаланып, массаж негізгі пән ретінде оқытыла басталды. Ежелгі қытайдың әрбір аймақтарында дәрігерлік-гимнастикалық мектептер жұмыс істеді. Онда гимнастика мен массаж өнерін меңгерген «таоссе» дәрігерлері дайындалды. XVI ғасырда «Сан-Тсай-Ту-Госи» (64 томдық) энциклопедиясы басылымға шықты. Онда қытай массажының әдіс-тәсілдері сипатталған.

Біздің дәуірге дейінгі XII ғасырда ежелгі Мысыр, Абиссиния және Ливия елдерінде массаж кеңінен қолданылды. Мұны сол өңірлерден табылған ескі папирус қағаздары мен патша сарайлары мен пирамидаларындағы дуалға салынған суреттерден білуге болады. 1841жылы Мысыр елінің қолбасшысының саркофагіндегі (мазарындағы) папирустердің бірінен ысқылау, сипалау және түйгілеу сияқты массаж тәсілдері суреттелген бейнелер табылды.

Мысыр елі массаж барысында әр түрлі жақпа майларды қолдана бастайды. Олардан массаж өнерін Грек халқы үйренеді. Алғаш рет массаждың ғылыми негізін салған Гиппократ болды (б.э.д.370ж). Массаж туралы дені сау және ауру адамдар арасында алғаш рет үгіт насихат жұмысын Геродикос (б.д.д.484—425жж.) жүргізген. Ол күнделікті дене шынықтыру жаттығулары мен массажды қоса жасаған. Асклепиад (б.д.д.128—56жж.) атты дәрігер массажды дене шынықтыру мен медицинада қолдана бастады. Ол алғаш рет массажды күшпен жасалатын және әлсіз,қысқа және ұзақ мерзімді, жақпа май қолданылатын әрі қолданылмайтын (күрғақ) деп бөлді. Ескі Рим дәрігері Клавдий Гален массаждың негізгі әдістерін (сипап сылау, ысқылау және түйгілеу туралы) сипаттап жазған.

X және XI ғасырларда араб мемлекеттерінде Разес Ар-Рази (850—929), Абу Али Ибн-Сина (980—1037) және т.б. ғұламалар массажәдістерін дамытуға үлес қосқан. Осылайша шығыс массажы қолданыла бастады. Бұл массаж түрлері, әсіресе, моншаларда қолданыла бастады. Сонымен қатар славян халықтарының моншаларда әр түрлі шөптермен адам денесін ысқылау ғұрыпы да сауықтыруға бағытталған массаж түрі ретінде дамыды [2].

Ал Европада массаждан хабары жоқ адамдардың бұл іспен айналысуы жиілеп кеткендігінен тиым салу қаулысы қабылданған болатын. Сондықтан мұнда бұл кездері массаж ұмытыла бастаған. Тек XVIII ғасырда Ұлыбритания, Франция, Германия мемлекеттерінде массаж қайта жаңғырып, белсенді қолданыла бастады.

XIX ғасырда медицина қызметкерлері массаждың ғылыми негіздерін қалай бастады.

Ресейде XIX ғасырда клиницист дәрігерлер массажға ғылыми негіздеме жасап, емдеу тәжірибесінде қолдана бастады.

Массаж туралы зерттеген ғалымдардан И.В. Заблудовский, М.К. Барсов, В.В. Гамолицкий, Е.Н. Залесова, Н.И. Рачинский, В.К. Крамаренко, К.Г. Соловьев, И.П. Каллистов, А.В. Янченко, И.М. Ал логопедиялық массаж туралы қазіргі заман авторларынан

Е.Ф. Архипова, О.В. Правдина, К.А. Семенова,Е.А. Дьякова, Е.В.Новикова және тағы басқаларды атап өтуге болады. Әдістемелік құралда осы және басқа авторлардың массаж әдістері сипатталып, оларды логопедиялық жұмыс барысында қолдану ерекшеліктері туралы кеңестер беріледі.

## 1 САЛ АУРУЫ БАР БАЛАЛАРДА БОЛАТЫН СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ БҰЗЫЛЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сөйлеу тілінің бұзылыстары церебралды сал ауруы бар балалардың 70-80%-ында байқалады. Тілдің ең ауыр бұзылыстары ми қыртысы және ми қыртысы астындағы негізгі бөлімдерде болатын патологиялық процестерден туындайды, яғни бас миының зақымдалуларында жиі тіл дамуындағы тежелістер байқалады. Тіл бұзылыстарының генезінде церебралды салауруы жағдайында мидың белгілі құрылымдарының зақымдалуы мен туылғаннан кейін болатын орталық жүйке жүйесінің кеш қалыптасуы байқалады. Әсіресе, мидың маңдай және шеке бөліктерінің зақымдалуы тіл дамуындағы ауытқуларға алып келеді. Осы бөлімдердің негізгі қызметтері ретінде тілдік және қаңқалы бұлшық еттерден афферентті импульстарды қабылдауын, көру-есту және есту-көру-қозғалыс-кинестетикалық сезімдерді байланыстырып анықтаушы рөлін атап өтуге болады. Сенсорлы сигналдарды қабылдау және оларды өңдеу мен ұғымдарды жалпылау және қалыптастыру тек оң және сол жарты шарлардың бірлескен әрекетінде мүмкін болады. Сондықтан, бас миының ошақты зақымдалуында танымдық процесстерінің жылдамдығының тежелуі мен жарты шарлардың әрекетінің сәйкестенбеуі, сөйлеудің әр түрлі бұзылыстарына әкеледі.

Сөйлеуді дамытуға кейде тәрбие үдерісінде ата-аналар жіберетін мәнді қателіктер де жағымсыз әсер етеді. Егер ата-аналар балаға шамадан көп қамқорлық жасайтын болса, бала үшін барлық нәрсені жасауға ұмтылса, баланың барлық қалауларының алдын алса немесе баланың ым-ишарасы мен көзқарасына жауап берсе, баланың іс-әрекетке деген, әсіресе, сөйлеуге деген қажеттілігі азаяды. Мұндай жағдайда бала өзі үшін маңызды тілдік қарым-қатынастан оқшау қалады, ол баланың дамуының алғышарттарының бірі болып саналады. Барлық аталған факторлар қозғалыстың мүмкіндіктерін шектейтін церебралды сал ауруы бар балалардың сөйлеуге дейінгі және тілдік дамуындағы бұзылыстардың ерекшеліктерін сипаттайды. Церебралды сал ауруы бар баланың өмрлік тәжірибесі

біршама аз, ал оны қоршаған заттар мен болмыстың құбылыстары алуан түрлі. Сондықтан бала ересектердің көмегінсіз және арнайы оқытусыз сезім мүшелерімен негізгі ақпаратты қабылдап, саналы түрде ұғына алмайды. Қоршаған заттардың атауларын естіп, оны сөзбен айтуға артикуляциялық сөйлеу мүшесінің әлі келмейді. Қимыл-қозғалыс әрекеттерінің бұзылыстары мен оның әлсіздігі рефлекссті қимылдарды төмендетіп, бір мезгілде көру мен түйсінудің қызметін қиындатады. Яғни қозғалыс-кинестетикалық анализаторлар арасындағы ассоциативті байланыстар құрылмайды. Осыған байланысты манипулятивті іс-әрекеттің бұзылуы және кинестетикалық түйсінудің әлсіздігі үдейді, осылайша бала өмірінің алғашқы жылдарында қоршаған болмысты сезімдік тану процесінің аномальды дамуы байқалады. Баланың тілдік дамуының жалпы жылдамдығын тежейтін фонетикалық-фонематикалық бұзылулар, баланың зат туралы біртұтас ұғымын дамытудағы спецификалық қиындықтарын күшейтеді, бұл өз кезегінде тілдің лексикалық-семантикалық жүйесінің жеткіліксіз дамуына ықпал етеді.

Осылайша, сал ауруына шалдыққан балалардың тілдік дамуы сыртқы және ішкі ортадағы алуан түрлі факторлармен байланысты. Осы мәселені шешу үшін кешенді оңалту іс-шаралары қажет. Яғни тәрбиеші, педагог, психолог, невролог, дефектлог және логопед сияқты мамандардың жұмылған жұмысы керек. Сонымен бірге, ата-аналар мен отбасындағы ахуалдың да маңызы зор.

Церебралды сал ауруы бар балаларға тілдік дизонтогенездің алуан түрлі формалары тән болады, айта кететін болсақ, тіл дамуындағы тежелістер, сөйлеудің жалпы дамымауы сияқты тұрақты әрі жүйелі түрлері бар [2].

Сал ауруына шалдыққан балалардың тілдік бұзылыстарының клиникалық сипаты баладағы патологиялық процес пен ми құрылымдарын қызметінің сақталу ерекшеліктеріне байланысты болады. Тілдік бұзылыстарының келесі түрлерін ажыратып бөлген жөн: дизартрия –тілдің бұлшық еттерінің патологиялық иннервациясы себебінен сөйлеудің бөліп айтушы қырының бұзылуы; алалия – ми қыртысындағы тілдік аймақтарының зақымдалуы немесе дисфункциясы нәтижесінде сөйлеудің жүйелі жеткіліксіз дамуы (яғни, баланың сөйлемейі); жазбаша және оқудағы бұзылыстар – дисграфияжәне дислексия болып табылады. Бұдан басқа, жағымсыз сыртқы фактордардың әсерімен мутизм және тұтығу типі бойынша

сөйлеудегі невротикалық және невроз тәрізді бұзылыстар пайда болуы мүмкін.

Дауыстағы бұзылыстар сөйлеудің эмоционалды мәнерлілігіне, айқындылығына біршама әсер ететін әуенді ырғақтылықтың бұзылуына әкеледі. Дауыстағы бұзылыстар тілдің, еріннің, жұмсақ тандайдың, көмейдің дауыс қатпарларының бұлшық еттерінің семуімен және жарақатымен байланысты болады. Әсіресе, шынайы дауыс байламын созатын көмейдің бұлшық еттері де маңызды рөл атқарады. Мысалы, дауыс аппаратының бұлшық еттерінің спастикалық жағдайында олардың вибрация жасау мүмкіндігі төмендейді. Соның нәтижесінде ұяң дауыссыз дыбыстарды айту процесі қиындайды және олар қатаң дауыссыз дыбыспен алмастырылады. Дауыс байламдарының вибрациясы бұлшық еттердің гипотониясында және паретикалығында бұзылады. Алайда бұл жағдайда дауыстың күші барынша аз болады. Дауыс шығарудың бұзылу дәрежесі және оның ерекшеліктері, көмей бұлшық еттерінің жұмысының үйлестіруінің бұзылуына, артикуляция, тыныс алу және дауыс шығару мүшелерінен проприоцептивті пульсацияның жеткіліксіздігіне байланысты болады.

Церебралды сал ауруы бар балалардың дауысындағы бұзылыстар алуан түрлі және дизартрияның формаларына байланысты болады. Көп жағдайда дауыстың күшінің жеткіліксіздігі (әлсіз, тыныш, сөйлеу барысында талушы (әлсірейтін)), оның бояуындағы бұзылыстар (қатаң, солғын, қарлыққан, монотонды, басыңқы, қысымды, үзілмелі және т.б.), дауыс модуляциясының әлсіз көрінуі немесе болмауы (бала ырықты түрде тонның биіктігін өзгерте алмайды) кездеседі. Әсіресе сал ауры бар балаларда жиі кездесетін, анартрияны атап өтуге болады. Сөйлеу аппаратының бұлшық еттерінің иннервациясы бұзылуы салдарында, дыбыстау мүмкіндігінің толық немесе толық емес болмауы, анартрия деп аталады[1]. Ол церебралды сал ауруының барлық формаларында кездесуі мүмкін, алайда екіжақты гемиплегияда жиі болады.

Сонымен қатар, сал ауруына шалдыққан балалардың тіл бұлшық еттерінің жеткіліксіз қозғалмалығы, атап айтсақ оның ұшының дыбыстау бұзылады. Бұл жағдайда тілдің ұшын көтеруді немесе тілдің бірнеше бұлшық еттерінің үйлесімді жұмысын талап ететін көптеген дыбыстарды шығару қиындайды. Тілдің төмен қарай қимылының шектелуінен баланың ызың және ысылқырық дыбыстарды айтуы



қиындайды. Сонымен қатар, бала (и, э) сияқты дауысты дыбыстарды шығаруда киналады. Ал тілдің артқы бөлігіндегі қимылдардың шектелуі – (г, ғ, к, қ, х) сияқты дыбыстардың бұзылуына әкеледі. Тілдің орта және артқы бөліктерінің қимылының шектелуінен (э, о, а) сияқты дыбыстар бұзылады. Сал ауруына шалдыққан баланың тіл дамуында кездесетін тағы бір ауытқу түрі – жұмсақ таңдайдың қозғалмалылығының шектелуінен болатын мұрыннан шығатын бояу, яғни маңқаланып сөйлеу де кездесуі мүмкін.

Сал ауруына шалдыққан балалардың артикуляция сөйлеу мүшелеріндегі кинестетикалық түйсіктердің әлсіздігі оральды диспраксиясының негізгі себептерінің бірі болып табылады. Артикуляциялық праксистің бұзылуы, дыбыстаудың жеткіліксіздігіне әкеледі. Осылайша, сал ауруына шалдыққан балалардың дыбыстарды айтуы мен шайнау және жұтыну дағдыларында қиындықтар кездеседі. Көп жағдайда баланың сілекейінің көп бөлінуі пайда болады. Сөйлеу артикуляциясындағы ауытқулардың салдарынан дыбыстарды естіп қабылдаудың бұзылуы да байқалады. Яғни, бала дыбыстарды ажырата алмайды. Сол себепті балада дыбыстарды бұрмалап айту немесе айтпай тастап кету де кездеседі. Ал дыбыстарды дұрыс ажыратпау өз кезегінде, жоғарыда аталған, жазу мен оқуда болатын бұзылыстарға алып келеді.

Қорыта айтқанда, сал ауруына шалдыққан балалардың бас миының зақымдану дәрежесіне байланысты олардың сөйлеу тіліндегі тежелістер де әр түрлі болып келеді. Сал ауруының жеңіл түрлерінде сөйлеу тіліндегі тежелістер байқалмауы да мүмкін. Көп жағдайда сал ауруына шалдыққан балада дизартрия орын алады. Баланың негізгі сөйлеу аппаратындағы зақымдану оның дыбыстау дағдысымен қатар, шайнау және жұтыну дағдысынан да айыруы мүмкін. Яғни, сал ауруына шалдыққан баланың көп жағдайда, сөйлеу аппараты бұлшық еттерінің икемділігі бұзылады. Баланың тіл бұлшық еттері енжар немесе белсенді, ал кей жағдайларда аралас болуы да мүмкін. Мұндай жағдайда балаға логопедиялық массаж жасаудың жағымды әсері мол. Педагогикалық-түзету сабақтарында қолданылатын логопедиялық массаждың ерекшеліктеріне, әрі қарай, тоқталып өтетін боламыз.

## **2 МАССАЖДЫҢ АНАТОМИЯЛЫҚ-ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕЛУІ, ОНЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕР ЕТУ МЕХАНИЗМІ. АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ АППАРАТТЫ ЗЕРТТЕУ**

Адам ағзасындағы барлық мүшелер мен қызметтік жүйелер өзара байланысты және бірыңғай тұтас болып табылады. Дененің ешбір бөлігін, әсіресе патологиялық процеске ұшыраған бірде-бір мүшені оқшауланған түрде қарастыруға болмайды. Ағзаның осы күрделі және көпқырлы әрекетінің режимі, көп жағдайда ықтималды тітіркендіргіштерге байланысты болады. Тітіркендіргіштерді ең бірінші болып біздің денеміз қоршаған дүниеден қабылдайды. Ол ауқымды рецепторлы өріс және анализатордың перифериялық бөлігі болып саналады.

Сырттан қабылданатын әрбір тітіркендіргішке тері рецепциясының өзіндік түрі сәйкес келеді. Олардың саны төртеу — суықты, жылуды, ауырсынуды және тактильді сезетін тітіркендіргіштер. Біз массаждың қысымын, оның денемізге әсерін осы тактильді рецепцияның нәтижесінде сезінеміз.

Тері массаж жасаудың ең алғашқы тікелей объектісі болып табылады. Оның салмағы ауқымды болып келеді. Ол дене салмағының 20%-ға жуығын құрайды. Терінің қызметтері алуан түрлі — қорғаныс, термо-реттеуші, тыныс алу, зат алмасу. Тері бездері тер мен тері майын шығарады, ол дәрумендерді біріктіруге белсенді қатысады, сонымен бірге жалпы зат алмасуға - су, тұз, ақуыз, май және т.б. заттардың алмасуына қатысады.

Теріде жүйкелердің, лимфалық және қан тамырларының (капилляр) тарамдалған желісі орналасқан. Тері қан алмасуын реттеуге қатысады, қажеттілік болған жағдайда қанның ағзаларға келуін азайтады немесе күшейтеді.

Массаждың ағзаға әсер ету сәті ретінде, тіндерді арнайы тәсілдер арқылы тітіркендіру алынады (сипау, ысқылау, уқалау және т.б.). Олардың алуан түрлілігі алуан түрлі әсер береді – өте әлсіз қимылдан күшті әсер ету қимылдарын қолдануға мүмкіндік береді. Тіндерге

массаж тәсілдері арқылы әсер ету, рецепторлардың қозғыштығын туындатады. Әр алуан рецепторларадам денесінің барлық аймақтарында орналасқан. Бұл тері рецепторлары, бұлшық ет-буын сезімдерінің рецепторлары (проприорецепторлар), ішкі мүшелердің рецепторлары (интерорецепторлар), қан қысымының жоғарылауы кезінде тітіркенетін рецепторлар (барорецепторлар).

Массаж түріндегі механикалық тітіркендіру терінің жүйке талшықтарының деформациясын туындатады. Онда пайда болған жүйке импульстері секундына 60 метр жылдамдықпен орталық жүйке жүйесіне түседі. Нәтижесінде, массажды манипуляцияның күш-қуаты жүйкелік қозудың энергиясына айналады, бұл өз кезегінде массаждың ағзаға әрекет ету механизміндегі жүйке-рефлекторлы реакциясының бастапқы буыны болып саналады. Рецепторлардың қозуы орталыққа ұмтылушы (афферентті) импульстер түрінде, сезім жолдары бойынша орталық жүйке жүйесіне (жілік майы, мишық, бас миының бағанасының функционалды құрылымдары және т.б.) беріледі, әрі қарай бас миының үлкен жарты шарының қыртыстарына жетеді, онда жалпы күрделі реакцияға бірігеді және ағзадағы алуан түрлі функционалды өзгерістерді туындатады.

Көрнекті даниялық физиолог Август Крог (1874—1949) массаждың әсерімен (әсіресе, илеу әдісімен) жұмыс істейтін капиллярлардың санының бірнеше ондаған есеге (9дан 140 қа дейін) артатынын дәлелдеді, нәтижесінде қанның жүруі жеделдейді. Бұл өз кезегінде бұлшық еттерде сүт қышқылының құрамының азаюына және органикалық қышқылдарды шығаруға ықпал етеді.

Массаж лимфаның циркуляциясына үлкен әсер етеді. Ол қанмен және тіндермен үздіксіз алмасу күйінде болады. Лимфа тамырларының жалпы саны қан тамырларының санынан бірнеше есе көп болады. Лимфа жүйесі жасушааралық саңылаулардың жиынтығы болып табылады, олар өз кезегінде біріге отырып, ірі тамырларға өтетін лимфалық капиллярларды құрайды. Лимфа тамырлары лимфа түйіндері арқылы өтеді, онда жұкпалы микробтармен күресте маңызды рөл атқаратын лимфоциттердің құрылуы жүреді. Лимфаның лимфа жүйесіндегі қозғалысы бір бағытта жүреді — тіндерден үлкен кеуде өзегіне қарай жүреді, ол шамамен жүрек аумағында орналасқан. Жалпы массаждың манипуляциясын осы бағытта орындау қажет. Сегментарлы-рефлекторлы массажда лимфа ағынының барысы есепке алынбайды.

Лимфаның қозғалысы өте баяу жүреді. Ол тәулігіне тек 6 рет кеуде тармағы арқылы өтеді, ал қанның толыққанды айналымы 20-25 секунд арасында жүзеге асады. Орыс физиологы В. Штанге ірі лимфа тамырларындағы ағынның жылдамдығының секундына 4 миллиметрге жететінін атап көрсетті, ал массаждан кейін оның жылдамдығы 8 есеге дейін артуы мүмкін. Массаж лимфаның қозғалысын күшейте отырып, бір жағынан, тіндердегі нәрлі заттардың ағынын арттырады, ал екінші жағынан – жасушаларды алмасу және ыдырау өнімдерінен босатады.

Массаж буындардың функцияларына және сіңір-тарамыс аппаратының функцияларына жағымды әсер етеді — оның икемділігі мен қозғалмалығы жақсарады.

Массаж жүрек-қан тамырлары жүйесіне жағымды әсер етеді: жүрек бұлшық еттерінің қанмен қамтамасыз етуін күшейтеді, оның қысқартушы қабілетін арттырады, қан айналымының кіші және үлкен шенберіндегі тоқырау құбылыстарын жояды, жасушалардағы алмасу процестерін ынталандырады, тіндерді оттегімен қамтамасыз ету мүмкіндігін арттырады, яғни газ, минерал және ақуыз алмасуға белсенді әсер етеді. Мұның бәрі ішкі мүшелердің қызметтерінің жақсаруына және ағзаның өмір сүру әрекетіне жағымды әсер етеді, иммунитетті қалпына келтіреді.

Массаж бұлшық ет жүйесіне жалпы нығайтушы әсер етеді. Оның әсерімен бұлшық еттердің тонусы және икемділігі қалпына келеді, олардың қысқартушы қызметі жақсарады, күш-қуаты артады, жұмыс істеу қабілеті артады. Массаж трофикалық (қоректік) бұзылудың алдын алуға, зақымдалған бұлшық еттің қайта қалпына келуіне ықпал етеді (мысалы, дизартрияда).

*Массаж ағзаға жан-жақты әсер етеді және ең алдымен жүйке жүйесіне әсер етеді, ал жүйке жүйесі ағзаның тұтастығын қамтамасыз етіп, ағзаның барлық басқа жүйелерінің өмір сүру әрекетін үйлестіреді. Жүйке жүйесі метаболизмдік процестерді, қан айналымын, лимфа ағынын үйлестіреді және бұлшық еттің жұмысын бақылайды.*

Массаж арқылы орталық жүйке жүйесінің функционалды күйін өзгертуге болады. Бір тәсілдер (сипау, жеңіл ысқылау) адамға тыныштандырушы әсер береді, ал екіншілері(терең ысқылау, илеу, ұрғылау тәсілдері) қозуды туындатады.

Массаждың жүйке жүйесіне әсері адам денесіне әсер етудің қырқындылығы мен ұзақтығына байланысты болады. Қысқа, қуатты массаж адам денесін қоздырады, ал ұзақ, бірқалыпты массаж жүйке орталықтарының қызметін тежейді, тіпті ұйқы шақырып, тежелуді туындатады. Алайда, массаждың қуатты тәсілдерін қодана отырып, ауырсыну сезіміне жол бермеуді есте ұстау қажет. Ауырсыну тітіркендіргіштері рефлекторлы түрде жағымсыз вегетативті реакцияларды туындатады, олар өз кезегінде қандағны қант пен адреналиннің құрамының, артериалды қан қысымы мен қанның ұюының артуын қамтамасыз етуі мүмкін.

Осылайша, массаждың әсер ету механизмінің негізінде орталық жүйке жүйесінің жоғары бөлімдерінде реттелетін, күрделі, өзара негізделген рефлекторлы процестер болады. Массаждың нәтижесінде ағзада аулан түрлі реакциялар пайда болады. Олар дербес болып саналмайды, олар рефлекторлы сипаттағы басты реакция болып саналады. Осылайша алуан түрлі тежелістерді, оның ішінде тіл дамуындағы ауытқуларды да қалпына келтіретін ағзаның қорғаныс және бейімдеуші күшін жұмылдыру жүзеге асады. Логопедиялық массажды бастамас бұрын, әрине, артикуляциялық аппараттың зерттелуі тиіс. Сөйлеу аппаратының құрылымын зерттеу ерекшеліктеріне тоқталып өтейік[4].

*Артикуляциялық аппаратты зерттеу*, оның мүшелерінің құрамын тексеруден басталады: ерін, тіл, тіс, жұмсақ және қатты таңдай. Жақтар. Мұнда логопед олардың құрамының нормаға сәйкестігін анықтайды.

Артикуляциялық аппараттың тыныштықтағы, тілдік іс-әрекетке дайындықта, сөйлеу барысында, мимикалық, жалпы және артикуляциялық қимылдарда тонусының күйін бағалау қажет. Артикуляция мүшелерінде бұлшық ет тонусының күйі (бет, ерін және тіл бұлшық еті) логопед пен невропатологтың бірлескен қарауында бағаланады.

Церебралды сал ауруы бар балаларда артикуляциялық бұлшық еттердің тонусының бұзылуы, спастикамен, гипотониямен немесе дистониямен сипатталады. Көп жағдайда артикуляциялық аппараттағы бұлшық ет тонусының бұзылуындағы аралас сипаты орын алады (мысалы, бет және ерін бұлшық етіндегі гипотония көрінуі мүмкін, ал тіл бұлшық етінде – спастикалық ерекшелік байқалады). Сонымен қатар гипомимияның болуы немесе болма-

уы, беттің ассиметриясы, мұрын қатпарларының тегістігі, бет және тіл бұлшық етінің синкинезиясы мен гиперкинезі, тілдің треморы, тілдің бір жаққа ауытқуы (девиация), гиперсаливация байқалады.

Логопед тамақ ішу барысында артикуляциялық аппараттың еріксіз қимылдарын бағалайды (сору, тамақты қасықпен ауызға салу, кеседен ішу, тістеу, шайнау, жұту). Баланың тамақ ішу актісінің бұзылу ерекшеліктері анықталады: қатты тағамды шайнаудың болмауы немесе шайнаудағы қиындықтар, бөліктеп тістеуі, жұту кезіндегі қақалу және тұншығу.

Ерікті артикуляциялық моториканың күйіне ерекше назар аударылады. Артикуляция мүшелерінің қозғалмалығын тексеруде, балаға еліктеу бойынша алуан түрлі тапсырмалар ұсынылады. Тілдің бұлшық еттерінің қозғалмалы күйін талдай отырып, артикуляциялық позицияларды орындау, оларды ұстау және қайта енгізу мүмкіндігіне назар аударылады.

Мұнда артикуляциялық қимылдардың негізгі сипаттамасы атап көрсетілмейді (қайта енгізудің көлемі, амплитудасы, жылдамдығы, мәнерлілігі және ырғағы), сонымен бірге қимылдарды орындаудың дәлдігі, сәйкестігі, олардың сарқылуы атап көрсетіледі. Әсіресе, логопед тілдің артикуляциялық қимылдарының көлемін толық бағалайды (қимылдар шектелген, толық емес, толық); тілдің артикуляциялық қимылдарының амплитудасының төмендеуін байқалады.

Тілдік-қимыл синдромдары айқын кейбір балалар енжар түрде де тілдерін ауыз қуысынан шығара алмайды. Баланың тілді ерікті шығару мүмкіндігі, бүйірлі бұруы, ерінді жалауы, тілді жалпайтып, жазуы әрі үшкірлеуі, сонымен қатар тілді жоғары көтеріп ұстауы, таңдайды тілмен қағуы тексеріледі. Жұту рефлексінің дәрежесі мен құсу рефлексінің шекарасы бағаланады (артуы немесе төмендеуі). Логопед еріннің қимыл ерекшеліктерін талдайды (аз қозғалатын немесе жеткілікті қозғалмалы) және төменгі жақтың ерекшеліктерін талдайды (ауызды ашу және жабу, ауызды ашып ұстау шеберлігі) [5].

Осылайша логопедиялық массаждың алдында сөйлеу аппаратын тексеру жұмысы атқарылады.

Массаж жасаушы маман зерттеу өткізіп болғаннан соң балаға қолайлы массаж түрін таңдайды. Логопедиялық массаждың түрлері мен әдіс-тәсілдері туралы келесі бөлімде толығырақ тоқталатын боламыз.



### 3. ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ МАССАЖДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, КӨРСЕТІЛІМДЕР МЕН ҚАРСЫЛЫҚТАР ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ МАССАЖ ТҮРЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘСІЛДЕРІ

Ауыр тіл бұзылыстарына педагогикалық-түзету арқылы әсер ету әдістерінің бірі ретіндегі логопедиялық массаж ежелден бері қолданылып келеді. Көптеген авторлар (Архипова Е.Ф. 1997, Правдина О.В., 1973, Семенова К.А., 1972 және т.б.) массажды логопедиялық тәжірибеде қолданудың қажеттілігін атап көрсетеді. Правдина О.В. өзінің еңбектерінде дизартриядағы логопедиялық жұмыс әдістемесінің дифференциалды массаждан, логопедиялық жаттығудан, сонымен бірге артикуляция дағдыларын қалыптастыру мен машықтандырудан құралатынын атап көрсетеді (О.В. Правдина, 1973). Логопедиялық массаж технологиясы кешенді логопедиялық жұмыстың маңызды құрамы болып табылады. Яғни массаж арқылы перифериялық сөйлеу аппаратының бұлшық еттерінің тонусын қалыпқа келтіріп, бұлшық еттерді дыбыстарды артикуляциялаудағы қажетті күрделі қимыл-қозғалыстарды орындауға дайындайды. Логопедиялық массаждың тәсілдерін орындау, бұлшық ет тонусының қалпын диагностикалауды, сонымен бірге артикуляцияға қатысатын (тіл, ерін, жақ) бұлшық еттерді, бет пен мойынның (бет сүйегі, маңдай) бұлшық еттерін диагностикалауды талап етеді.

#### *Логопедиялық массаж кімге қажет?*

Логопедтік күрделі түзетуді талап ететін ең көп тараған тілдік бұзылыстың бірі – бұл дизартрия. Бұл бұзылыс барысында дыбыстауда қиындықтар байқалады, олар бас миының маңдай бөлігі мен ми қыртыстары астындағы аймақтардың зақымдалуымен байланысты болады. Сондықтан, балада артикуляциямен байланысты күрделі қиындықтар байқалады, оларды дәрігердің көмегімен шешу мүмкін емес. Бұл жағдайда Е.В.Новикова әдісі бойынша, сонымен бірге Е.Ф.Архипова және Е.А.Дьякова тәсілдері бойынша дизартриядағы логопедиялық массажды қолдануға болады.

Сал ауруына шалдыққан балаларға логопедиялық массаж

жасаудың маңызы зор. Бұл балалардың барлық бұлшық еттерінің тонусы, көп жағдайда, көтеріңкі болады, соның нәтижесінде қимыл-қозғалыс пен қарым-қатынас жасау қиындайды. Сонымен қатар, сөйлеу дамуындағы бұзылыстар туу барысындағы жарақаттың салдары немесе ауыз қуысының, еріннің, тілдің құрылысындағы туа біткен мүкістіктердің салдары болуы мүмкін. Егер соңғы мүкістікті хирургиялық жолмен емдеуге болса, ал логопедиялық массажбен сөйлеудің дамуындағы барлық тежеліс себептерін жоюға болады.

Сонымен қатар баланың артикуляциялық аппаратының бұлшық еттерінің гипер немесе гипо тонусы, яғни бұлшық еттегі тырысу мен әлсіздік логопедиялық массаж жасаудың негізгі көрсетілімдері болып табылады.

#### *Логопедиялық массажды жүргізуге қарсы көрсетілімдер*

Дизартрияда немесе басқа да сөйлеу тілінің бұзылыстарында мамандар ұсынған логопедиялық массаждың, өкінішке орай, есепке алуды талап ететін бірқатар қарсы көрсетілімдері бар. Балада төмендегі аурулар байқалған жағдайда, процедураны мүлдем жүргізуге болмайды:

- жұқпалы немесе соматикалық аурулар;
- конъюнктивит;
- қабыну үдерісі;
- терідегі бөртпелер;
- герпес;
- лимфа түйіндерінің ісуі;
- бас сүйек ішіндегі қысымның жоғары болуы;
- стоматит немесе гингивит.

Әсіресе эписиндромы (тырысу) бар балаларға массажды ерекше ұқыптылықпен жасаған дұрыс. Мұндай жағдайда бала жылайтын, айқайлайтын, қолдан шығып кететін болса, оның мұрын-ерін «үшбұрышы» «көгереді» немесе иектің треморы байқалады. Яғни бала өміріне қауіп төнуі мүмкін.

Сондықтан, емдеу массажын жүргізудің алдында невропатологтың және педиатрдың қорытындысы қажет.

#### *Логопедиялық массаждағы дененің қалпы*

Массаж сеансы басталмай тұрып, баланың денесін дұрыс қалыпқа келтіру қажет. Дұрыс қалып немесе поза бұлшық ет тону-

сын бірқалыпты етуге ықпал етеді (әдетте – босаңсуға), тыныс алуды еркін етеді. Логопедиялық массаждә келесі қағидалар аса оңтайлы:

- кушеткада шалқасынан тегіс жату қалпында баланың мойнының астына шағын жастықша қойылады, ол жастықша иықтарды біршама көтеруге және басты шалқайтуға мүмкіндік береді; қолдарды дененің бойымен созып; аяқтары еркін жатады немесе тізені біршама бүгуге (баланың тізесінің астына жастықша қоюға) болады;

- балаға биік бас қойғышы бар креслода жартылай отыру қалпында массаж жасауға да болады;

- артқа шалқайтылған балаларға арналған орындықта немесе отыратын арбада жартылай шалқайып отыру қалпында массаж жасауға да ыңғайлы болып табылады.

Яғни, баланы ыңғайлы әрі жайлы қалыпта отырғызып, жылы бөлмеде массаж жасаған жөн. Сонымен қатар массаж жасайтын логопедтің қолдарының жылы болғаны дұрыс. Бұл үшін әр түрлі жақпа майларды қолдануға болады [4].

Ал массажды жасаудың әдіс-тәсілдері әр алуан болып келеді. Төменде логопедиялық массаждың бірнешеуіне тоқталып өтеміз.

Дизартрия, дизартрия мен алалияның, дизартрия мен дислалияның және т.б. күрделі үйлескен бұзылыстарын дәл, нақты дифференциалды түрде диагностикалау баланың жалпы сөйлеуін дамытып, дыбыстарды түзетуге бағытталған логопедиялық массаждың жаңа тәсілдері мен технологияларын дұрыс тандауға және жанама түрде сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыруға, сөздік қорды байытуға септігін тигізеді. Соңғы кезде логопедиялық массаж әдісі тек Ресейдің мамандарының арасында ғана емес, сонымен бірге шет елдерде де танымал бола бастады.

Е.А.Дьякова ұсынған логопедиялық массаж әдістемесінің басқа әдістемелерден айырмашылығы мынада: автор жүргізген физиологиялық механизмдерді талдау негізінде массаж қимыл-қозғалыстарының белгілі бірізділігін құрастырып, тиімді негізгі тәсілдерді ұсынды. Логопедиялық массаждың аталған әдістемесінде жақтың қырларының сыртқы және ішкі жағы мен бет сүйегі және шайнау бұлшық еттеріне тікелей мануалды әсер ету; тілдің сыртқы бетіне әсер ету; сонымен бірге тіл бұлшық еттеріне әсер ету; бас сүйегі мен мойынның сүйектеріне бекітілген тілдің бұлшық еттеріне әсер ету қарастырылады. Бұған қоса, тіл бұлшық еттерінің құрылымының симметриялы болуы есепке алынып, артикуляциялық қимыл-қозғалысты

орындаудағы басты және жанама бұлшық еттердің ерекшеліктері ескеріледі. Олар өз кезегінде белсендіруші және релаксациялық әсер етудегі массаж қимыл-қозғалыстары кешенін құруға ықпал етеді. Ерекше назар ерте жастағы балалардың бетіне жасалатын массажға бөлінеді. Массаж барысында енжар, енжар-белсенді жаттығулардың үйлесімі мен изотониялық релаксацияға көңіл аударылады. Көптеген логопедтер Е.А.Дьякованың логопедиялық массаж үлгісі туралы білікті білім алуға тырысады, себебі аталған технологияны өздерінің педагогикалық тәжірибесінде жиі қолданады. Сонымен қатар баламен атқарылатын логопедиялық жұмыста саусаққа жасалатын массаждың әсері де тиімділігімен белгілі [6].

### *Саусаққа массаж жасаудың жапондық әдістемесі*

Жапонияның барлық мектепке дейінгі мекемелерінде, 2 жастан бастап, саусақты массаж бен өзіндік массаж әдістемесі қолданылады. Жапон ғалымы Намикоши Токухионың ойынша, әрбір саусақтың массажды белгілі ағзаға жағымды әсер етеді:

- бас бармақтың массажды – мидың белсенділігін арттырады;
  - сұқ саусақтың массажды - асқазан мен ұйқы безін ынталандырады;
  - ортаңғы саусақтың массажды - ішектердің жұмысын жақсартады;
  - «шүлдір шүмек» саусағының массажды – бауырды ынталандырады;
  - кішкентай саусақтың массажды – жүрек қызметін жақсартуға ықпал етеді, психикалық және жүйкелік қысымды төмендетеді.
- Саусақтардағы жүйке талшықтарының тікелей бас миымен байланысуы келесідей жағымды әсерге ие:
- қолдардың жұмысы психикалық тыныштануға ықпал етеді (мыс, бізбен тоқыма тоқу);
  - бас миының орталығындағы шаршаудың алдын алады (қытайлардың әдет-ғұрпында қолмен грек жаңғақтарын сұрыптау ерекше орын алады);
  - тыныштандырушы әсердің пайда болуына ықпал етеді (жапон көпестері мазасыз клиенттерге қызмет көрсетуде олардың қолдарын уқалайды).

Жапон ғалымы Йосиро Цуцуми өзіндік массажға арналған жаттығулар жүйесін құрастырды. Ол келесі ерекшеліктерді қамтиды:

1) Бас бармақтан бастап кішкентай саусаққа дейінгі массаж. Алдымен саусақтың жастықшаларын сипап-сылайды, содан кейін баяу түрде саусақтың негізіне көтеріледі. Мұндай массажды көңілді елең шумақтарын айта отырып жүргізген тиімді.

2) Алақанның бетін тас, металл немесе шыны түрлі-түсті шариктермен (марблз) массаж жасау, шариктерді:

- қолда айналдыру қажет;
- оларды саусақтармен қысу қажет;
- саусақтармен ұстап лақтыру немесе бір ыдыстан екінші ыдысқа салу қажет;
- арнайы науашықтар мен ұяшықтарға бағыттау, оларға тигізудің дәлдігі бойынша жарысу.

3) Грек жаңғақтарымен массаж жасау:

- екі жаңғақты алақанның арасында домалату;
- бір жаңғақты саусақтардың арасында айналдыру;
- бірнеше жаңғақты жетекші қолдың және екі қолдың ашылған саусақтары арасында ұстап тұру.

4) Алты қырлы қарындаштармен массаж жасау:

- қарындашты бір және екі, үш саусақтың арасынан өткізу;
- белгілі қалыпта қарындашты оң және сол қолда ұстап тұру.

5) Таспиқтармен массаж жасау. Таспиқты сұрыптау саусақтарды дамытады, жүйкені тыныштандырады. Сұрыптауды тікелей және кері санаумен үйлестіруге болады.

Сонымен қатар алақан мен табандағы биологиялық нүктелерге әсер етудің де маңызы зор. Мұндай әдістің бірі - Су-Джок терапиясы.

Баланың танымдық, эмоционалдық-ерікті сфераларын дамытуды қамтамасыз ететін тиімді тәсілдердің бірі ретінде Су-Джок терапия алынады. Оңтүстік Кореяның ғалымы, Су-Джок терапиясын құрастырушы профессор Пак Чже Вудың зерттеулерінде адам денесінің жекеленген бөліктерінің ұқсастық принципі бойынша өзара әсер ететіні айтылған (кұлақ формасының адамның эмбрионымен, адамның қолы мен аяқтарының оның денесімен ұқсастығы және т.б.). Сондықтан, сәйкестік жүйесіндегі қажетті нүктелерді анықтай отырып, баланың тілдік сферасын дамытуға болады делінген.

Таяқшамен массаж жасау. Нүктені тапқаннан кейін, оны диагностикалық таяқшамен қатты басу керек (оның орнына кез келген өткір емес затты – шырпыны, қаламды, тіпті адамның тырнағын

да қолдануға болады). Диагностикалық таяқшамен басқаннан кейінгі ауырсыну басылғаннан соң массажды сағат тілімен және сағат тіліне қарсы, таяқшаны қаттырақ басып айналдырма қимылдармен жалғастыруға болады. Емдеу нүктесін қалдық ауырсыну басылғанға және онда жылылықты сезінудің пайда болуына дейін толығымен уқалау қажет. Сәйкестік аймақтарын бірнеше рет уқалау көңіл-күйді жақсартуға әкеледі, кей жағдайларда бұл өте жылдам болады.

Икемді сақинамен массаж жасау. Адамның бүкіл денесі білезік пен табанға бағытталуы мен әр саусақтың білезік пен табанға тірелетіні себепті, аурудың алдын алудың және емдеудің тиімді тәсілі ретінде, икемді сақинамен саусақтарды, білезікті және табанды массаж жасаудың маңызы зор.

Сақинаны саусаққа кигізу қажет және дененің зақымдалу ерекшелігіне сай арнайы аймақтардың қызарғанынша және жылылықты сезінудің пайда болуына дейін массаж жүргізу қажет. Бұл процедураны күніне бірнеше рет қайталау қажет.

Білезіктер мен табанға профилактикалық мақсатта, қолмен массаж жасау. Саусақтардың ұшына және білезік пен табанның тырнақ пластиналарына массаж жасау өте пайдалы. Бұл бөліктер бас миына сәйкес келеді. Бұдан басқа, оларға адамның бүкіл денесі сәйкестік мини-жүйесі түрінде бағытталады. Сондықтан, саусақтардың ұшына жылылықты тұрақты сезінгенге дейін массаж жасау қажет.

Қазіргі заманғы логопедиялық тәжірибеде массаждың бірнеше түрлері қолданылады:

#### *Классикалық қол массажы*

Емдік классикалық массаж – рефлекторлы әсер етуді есепке алмай қолданылады және дененің зақымдалған бөлігіне жақын немесе дененің тікелей өзінде жүргізіледі. Классикалық қол массажының негізгі тәсілдері: сипау, ысқылау, уқалау және вибрациялы қимылдар.

Массажда аталған тәсілдерді орындау үшін логопедтер көп жағдайда жұмсақ тістері бар тіс щетка, шпатель, емізіктерді және т.б. қосымша құралдарды жиі қолданады.

Нүктелі массаж – емдік массаждың бір түрі, бұл массаж түрінде аурудағы көрсеткіштерге немесе қызмет бұзылыстарына сәйкес, биологиялық белсенді нүктелерге (аймақ) босаңсытушы немесе ынталандырушы тәсілмен локалды әсер етеді.

Құрал-жабдықпен жасалатын массажды вибрациялық, вакуумды және басқа құралдардың көмегі арқылы жүргізеді. Сонымен қатар зондтпен жасалатын массажда (Е.В.Новикованың әдісі бойынша) белгілі.

### *Өзіндік массаж*

Массаждың анықтамасы оның атауынан туындайды. Массажды бала өзіне –өзі жасайды. Бұл қолмен бетке массаж жасау болуы мүмкін, мысалы тістердің көмегі арқылы тілге массаж жасау (артикуляциялық жаттығу «Тілімізді қасимыз», мұнда бала бар күшімен тілін қарысқан тістерінің арасынан итереді).

Логопедиялық массаж кезеңділікпен – аптасына екі-үш процедуранан он-жиырма процедураға дейін жүргізіледі. Кезең екі аптадан екі айға дейінгі үзіліспен қайталануы мүмкін. Бір процедураның ұзақтығы зақымдалу дәрежесіне, адамның жасына және басқа факторларға байланысты болады. Әдетте процедураның бастапқы ұзақтығы бес-жеті минутты құрайды, соңғы процедура жиырма-жиырма бес минутты құрайды. Массаж кезінде пациент ауырсынуды сезінбеуі керек, алайда әсіресе, балалардың ауыз қуысының бұлшық еттерін және тілді уқалауда бірқатар қолайсыздықты сезінуі мүмкін.

Ал логопедиялық массаждың негізгі тәсілдері келесідей болып табылады:

- сипау;
- ысқылау;
- вибрация және ұрғылау;
- тығыз басу.

Сипау – бұл әрбір процедура басталатын міндетті тәсіл. Оны басқа тәсілдермен кезектестіреді және әрбір процедура осы тәсілмен аяқталады. Сипау барысында үстіңгі орналасқан тамырлардағы қан айналымы күшейеді, бұлшық ет тонусы төмендейді, тыныс алу реттеледі. Логопедиялық массажда сипаудың үш түрі кездеседі - сыртқы, терең қамтушы және тырма тәрізді сипау.

Ысқылау жекеленген бұлшық ет топтарының шектелген бөліктерінде жүргізіледі. Ысқылау қан айналымының күшеюіне ықпал етеді, зат алмасу процестерін жақсартуға, бұлшық ет тонустарын арттыруға ықпал етеді. Ысқылау арқылы жекеленген бұлшық ет аймақтарының жұмысын барынша белсендіреді. Вибрация

тінаралық алмасуды өзгертеді, тіндердің трофикасын жақсартады. Күшті вибрация бұлшық еттердің тонусын арттырады, ал жеңіл вибрация – оны төмендетеді. Ұрғылау жүйкелінің бастамаларында – бетте және май клетчаткасы аз жиналған орында (мандай, жақ сүйегі, төменгі жақ) қолданылады.

Тығыз басу – бұл қан айналымын, лимфа айналымын, зат алмасу процестерін жақсартатын тәсіл және жүйке талшықтарының шығар орында қолданылады. Өзіндік массаждан басқа, емдеу барысында логопедиялық ойындар, логопедиялық жаттығулар, тыныс алу жаттығуы, артикуляциялық жаттығу сияқты оңалтудың басқа әдістері міндетті түрде қолданылуы қажет. Олар өз кезегінде қосымша әсер етудің маңызды құралы болып саналады. Мысалы, артикуляциялық жаттығу енжар немесе белсенді болуы мүмкін. енжар артикуляциялық жаттығу логопедтің көмегімен жүзеге асатын қимыл-қозғалыстардан құралады. Белсенді артикуляциялық жаттығу пациенттің өз бетімен қимыл-қозғалыстарды орындауынан құралады және толыққанды қимыл-қозғалыстарды қалыптастыруға бағытталған. Логопедиялық жұмыстың негізгі формасы ретінде, логопедиялық сабақтар алынады. Олар қызықты және толыққанды түрде, кішкентай пациенттер үшін ерекше маңызды логопедиялық ойындарды қолдана отырып, дыбысты дұрыс айтуды қалыптастыру бойынша толыққанды жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Логопедиялық массаж түзетуші-педагогикалық әсер ету әдісі болып табылады және көп жағдайда тілдік дамудың бұзылуында жиі қолданылады. Дыбыстаудың кемшіліктерін жоюдың аталған тәсілінің дәстүрлі және міндетті тәсіл болмауына қарамастан, аталған тәсіл өзінің дербестігін және тиімділігін дәлелдеді. Мұндай процедура кешенді оңалтудың бір бөлігі және емдеудің дербес түрі болуы мүмкін.

Кез келген логопедиялық массажды тек білікті маманға сеніп тапсыруға болады, себебі осы жағдайда ғана процедураның тиімділігі және оның баланың денсаулығы үшін толық қауіпсіздігіне кепілдік беруге болады. Сөйлеудің дамуындағы әрбір бұзылысқа арналған арнайы жаттығулар бар, олар бұлшық еттердің белгілі бір топтарын белсендіруге бағытталған. Олардың бірқатарын үй жағдайында да қолдануға болады. Мысалы:

- ерінге өзіндік, дербес логопедиялық массаж жасауда баланың еріндерін жеңіл сипау және шымшу тәсілдері орындалады;



- тілге дербес логопедиялық массаж жасауда электрлі тіс щеткасын қолдануға болады: оның көмегі арқылы тілдің ұшына және оның орталық бөлігіне әсер ету қажет;

- баланың қолдарына дербес массаж жасауда әрбір саусаққа мейірімді, жұмсақ, уқалаушы қимылдарды қолдану қажет[4].

Жоғарыда аталған логопедиялық массаж тәсілдері түзету жұмыстарының барысында тиімділігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар логопедиялық массаж жасаудың зондармен жасау тәсілі жиі қолданылады. Осы әдіске қысқаша тоқталып өтейік.

### *Е.В.Новикованың әдісі бойынша логопедиялық массаж*

Е.В.Новикованың логопедиялық массажын зонд арқылы жасалатын массаж деп атайды, себебі оны жүргізу үшін әдістеменің авторы құрастырған арнайы құралдарды қолдану талап етіледі. Мұнда жинақтағы әрбір зонд өзінің жеке қызметтерін орындайды. Бұл құралдарды белгілі бірізділікте қолдана отырып, логопед түзетуді қажет ететін бөліктер мен аймақтарға тиімді әсер ете алады.

Сонымен бірге, логопедиялық массаждың сеансы тұттығудың болуында немесе тілдік дамудың тежелуіндегі басқа себептерінде жүзеге асады. Маман зонд арқылы массажды тіл, жақ, жұмсақ таңдай, ерін, мимикалық және шайнау бұлшық еттері аймақтарына жасайды. Мұның бәрі баланың тілдік дамуы үшін оңтайлы жағдайларды туғызады. Новикованың әдісі дизартрия немесе сал ауруы барысында туындайтын сөйлеудегі күрделі тежелістер мен мүкістіктерді жоюға көмек береді.

Зондпен жасалатын массаждың мүлдем ауырсыну сезімін туындатпайтынын атап өту қажет. Тек бұлшық етінің көтеріңкі тонусы бар балаларда ғана аздаған қолайсыздық туындауы мүмкін. Сондықтан, баланы барынша босансуға мүмкіндік беретін қалыпта отырғызу немесе жатқызу қажет.

Зондтардың көмегі арқылы бұлшық еттерді сырғытып үйкелеу, қысым жасау, итермелеп ығыстыру, бұлшық етті ысқылау түріндегі әртүрлі қимыл-қозғалыстарды жүзеге асырады. Осы әрекеттердің нәтижесінде, аталған әдістеме патентке ие болды және комплиментарлы медицинаның халықаралық реестріне енгізілді.

Аталған әдіс қарапайым және тиімді. Ол артикуляциялық сөйлеу аппаратының бұлшық еттерінің әрекетін белсендіреді және қалпына


келтіреді, Осылайша сөйлеу аппаратының зақымдалған бөліктеріне мақсатқа бағытталған түрде әсер етуге мүмкіндік береді. Дыбыс шығаруды қалпына келтіру біршама жылдам өтеді.

*Массаж үшін 12 арнайы зондтар жасалған*, олардың әрқайсысы тілдің, еріннің, маңдайдың, жақтың, жұмсақ таңдайдың бұлшық еттерінің белгілі тобына әсер етеді. Биологиялық белсенді нүктелерге массажды дәрігер-рефлексотерапевт жүргізеді[7].

*№1 зонд «Айырлы» («шанышпалы»)* тілдің, жақтың, маңдайдың, жұмсақ таңдайдың бұлшық еттеріне массаж жасауға қатысады. Ол құсу рефлексінің шекарасын анықтау және рефлекті төмендету үшін қажет.

Зонд бұлшық еттерді шаншуға арналған. Осындай әсер ету нәтижесінде бұлшық еттер белсенді түрде қысқарады.

Шаншу барысында қысқа, жиі, жеңіл қимыл-қозғалыстар қолданылады; шаншулар бір-біріне жақын болуы қажет.



Сурет 1 - Зонд түрлері

Шаншу тәсілін қолданған кезде, аса қарқынды әсерге қол жеткізуге болады: зондты белгілі орынға орналастырып, оны оңға, солға, артқа қарай 4-6 секунде ішінде тербелту қажет. Аталған тәсілдің басқа нұсқасы: зондты бұлшық еттерге батыру арқылы, сағат тілі бойынша айналмалы қимылдарды жасау керек (немесе сағат тіліне қарсы). Қысым жасау уақыты – 5 секунд. Зондты орнынан айырмау керек.



«Сегіздік» №2 зонды тілдің, жақтың, маңдайдың, еріннің бұлшық еттеріне массаж жасауға қатысады. Ол бұлшық еттерді итермелеп «ығыстыруға» арналған: бұлшық еттерге ілмекті қысым жасап (зонды терең батыру), бірнеше рет жоғары-төмен қарай қимылдар жасалады.

Зондпен қысым жасау орнынан айырмау қажет. Содан кейін зондты бірқатар қашықтыққа итеріп, келесі бөліктерге массаж жасау керек. Зонд тілдің бойымен қозғалмайды, ол бұлшық еттерді орындарында тербетіп, желпуіш тәрізді бұлшық еттер тобын белсенді жұмыс істеуге ұмтылдырып, бұлшық еттерге батыру қимылын жасайды.

«Үлкен, орта, шағын шаналар» №3, №4, №5 зондтары тілдің, жақтың, маңдайдың, жұмсақ еріннің бұлшық еттерін белсендіріп, әртүрлі бағытта сырғанайды.

Зондтың бүгілуі оның кез келген қырымен жұмыс істей алатындай орындалған. Егер зондтың бір қырында қысым жасау мен сырғанаудың екі нүктесін айқындауға болса, онда екінші қырында – үш нүктені анықтауға болады. Массажға бұлшық еттерге қысым жасауда жиі қолданылатын зондтың жоғары бөлігі де қатысады.

«Шаналар» бірыңғай массаж тәсілдерін орындайды, алайда массаж жасалатын бөліктің қамтылуы мен қысым жасаудың қарқындылығы алуан түрлі болады. Бұдан басқа, №5 зондпен (2-ші қырымен) бұрандалы және серіппелі қайтарылатын қимылдар орындалады.

«Балташа» №6 зонды тілдің, жақтың, еріннің, жұмсақ таңдайдың бұлшық еттеріне массаж жасауда қолданылады, мұнда зонд үлкен кеңістікті қамтиды және бұлшық ет аппаратына қарқынды әсер етеді.

Зонд екі тәсілді орындауға арналған: тығыз қысым жасай отырып, бұлшық еттерді «бөлшектеп ұрғылау» және бұлшық еттер бойымен сырғанау (қырғылау процесінің имитациясы).

Қысым жасаудың әсерімен бұлшық еттердің тонусы қалпына келеді, олардың қысқартушы қабілеті мен қозғалмалығы артады. Қысым жасау дәрежесі бұлшық еттердің күйіне байланысты: тонус төмен болған сайын, қысым жасау да қарқынды болады. Қысым жасаушы қимылдар жиі болады, ал олардың арақашықтығы қысқа болады. Қысым жасау уақыты - 5 секунд.

Сырғанау бұлшық еттердің икемділігі мен серпімділігін жақсартады, қысымды азайтады.

«Крестовина, яғни крест тәрізді» №7 зонд жақтың, маңдайдың, еріннің, тілдің орта және артқы бөліктерінің бұлшық еттеріне массаж жасауға қатысады, тілдің жоғары көтерілуін қамтамасыз ететін бұлшық еттерге әсер етуге мүмкіндік береді. Тілге қысым жасай отырып және оны артқа қарай итеріп, бұлшық еттерді қысқартуға ұмтыламыз және тілдің аталған бөліктерінің жұмысын жақсартамыз.

«Крестовина» арқылы тілдің бұлшық еттерін 30 секунд бойы осындай қалыпта ұстап, бұлшық еттерге сығу тәрізді қимылдар жасауға болады. Оның көмегі арқылы орындалатын әрекеттер:

- Сығушы қимылдар — «сығулар», уақыты - 5 секунд.

- Алға қарай серіппелі қайтарылатын қимылдар — артқа қарай (тербелу). Бір нүктеде 5-6 қимыл жасап, содан кейін зондты біршама қашықтыққа ауыстырамыз және келесі бөлікке массаж жасаймыз.

- Оңға қарай сығушы айналмалы қимылдар — солға қарай (зондпен бұлшық еттерді бұру қимылы). Уақыты - 5 секунд.

- Зондпен тілдің артқы бөлігі қатысуымен шығатын дыбыстарды F, K, G, K, X, сонымен бірге тілдің ұшын көтеруді қажет ететін Ш, Ж, Щ, Ч, Р дыбыстарын қоюды жүзеге асыру қолайлы.

«Итерме» №8 зонды жақтың, маңдайдың, еріннің, жұмсақ таңдайдың бұлшық еттеріне массаж жасауға қатысады. Тілдің тікше, көлденең, желпуішті бұлшық еттеріне әсер етеді, олардың қозғалмалығы мен икемділігін қалпына келтіреді, бұл әртүрлі артикуляциялық тәсілдерді қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Зондтың соңында ілмек болады. Тілге қысым жасауда бұлшық еттердің белсенді қысқаруы жүзеге асады, зондты түсіруде қысым төмендейді, босаңсу фазасы басталады. Қимыл уақыты - 5 секунд.

Сору тәрізді қимылдар тәсілін қолдану арқылы, аса қарқынды әсерге қол жеткізуге болады: зондты белгілі орынға орналастырып, оны қысым жасай отырып, 5 секунд бойы сағат тілі бойынша бұрамыз. Қысым көрсету дәрежесі бұлшық еттердің күйіне байланысты болады.

«Қысқыштар» №9 зонды маңдайдың, еріннің, жақтың, тілдің бұлшық еттеріне массаж жасауға қатысады, тілдің тік, көлденең бұлшық еттеріне әсер етеді. Олардың қозғалмалылығы мен икемділігін қайта қалпына келтіреді. Бұл алуан түрлі артикуляциялық тәсілдерді қабылдауға мүмкіндік береді. Әсіресе, тілдің қырларын түбіріне қарай және керісінше сығу қимылдарын жасауға

тиімді болады, сонымен бірге тілдің орта бөлігінің иілуінде, тілді оңға және солға қарай бұруда, тілді ауыздан алға қарай шығаруда тиімді болады, себебі мұнда тілдің ұшын ғана емес, сонымен бірге оның орта бөлігін де қамтуға болады.

«Тартушы» №10 зонды тіл асты желбезегіне массаж жасауға және оны созуға арналған. Егер бала тілін жоғары көтере алмайтын болса, онда зонд тіл астындағы желбезектің күйін тексеру үшін қолданылады. Зондты тілдің астына қоямыз. Содан кейін зондты тіл асты желбезегін көру және тілдің дыбыс шығару кезінде тіл ұшының көтерілмеу себебін анықтау үшін бірте-бірте көтереміз.

Тіл асты желбезегі тым қысқа болған жағдайда оны хирургиялық жолмен кеседі. Алайда оны созу барысында артикуляциялық жаттығуларды қолданудың да маңызы зор.

«Аққу» №11 зонды маңдайдың, жақтың, жұмсақ таңдайдың массажына арналған. Бұлшық еттердің қозғалғыштығы және икемділігін қалпына келтіреді. Бұл зонд алуан түрлі артикуляциялық тәсілдерді қабылдауға мүмкіндік береді және сілекей ағуды азайтуға көмек береді.

«Сырғанаушы» №12 зонды маңдайдың, еріннің, жақтың, тілдің, қолдың бұлшық еттеріне массаж жасауға қатысады.

Тілдің тік, көлденең бұлшық еттеріне әсер етеді, олардың қозғалғыштығын, икемділігін қалпына келтіреді[8].

Зондтың екі жұмыс қырлары болады. Барлық массажды жаттығулар алдымен 1-қырымен, содан кейін 2-қырымен орындалады. Тілдің бұлшық еттері алуан түрлі дыбыстарды дыбыстауға қажетті, әртүрлі қимылдарды орындауда икемділік пен қозғалмалыққа ие болуы керек. Егер бұлшық еттердің аталған қасиеттері болмаса, онда баланың сөйлеуі түсініксіз болады, көмескіленеді немесе мүлдем мүмкін болмайды. Логопедтің міндеті — зақымдалған бұлшық еттерді жандандыру, оларды жұмыс істеуге ұмтылдыру және бұзылған дыбыс шығаруды қалпына келтіру. Зондты массажды жүргізу бұлшық еттердің алуан түрлі топтарының спастикалық немесе паретикалық күйін қалпына келтіреді.

Тілге, жаққа, ерінге, маңдайға, жұмсақ таңдайға жекеленген түрде немесе алуан түрлі үйлесімде массаж жасалады. Бірте-бірте зақымдалған бұлшық ет құрылымдарының қалпына келу жағдайы байқалады.

Артикуляциялық сөйлеу мүшесіне жасалатын массаж белгілі

сызбаға келтіріледі және жүктемені бірте-бірте арттыру арқылы құрылады (қарапайым тапсырмадан аса күрделі тапсырмаға дейін).

Зондты массажды жасау алдында, тілге қолмен массаж жасаудың 15-30 сеансын жүргізу қажет. Бұл бұлшық еттерді босаңсытуға ықпал етеді және әсер етудің келесі, аса қарқынды түріне дайындалуға мүмкіндік береді.

Массаждың әрбір сеансы алуан түрді массажды кешендегі жаттығуларды қамтиды:

- тілге қолмен массаж жасаудың 1—2 жаттығуы;
- жаққа массаж жасаудың 1—2 жаттығуы;
- маңдайға массаж жасаудың 1—2 жаттығуы;
- ауыз қуысы айналасындағы бұлшық еттерге массаж жасаудың 1—2 жаттығуы.

Әрі қарай сеанс «Зондпен тілдің бұлшық еттеріне массаж жасау» кешеніндегі жаттығулармен толықтырылады, ал қорытынды сатыда «Жұмсақ таңдайдың бұлшық еттеріне массаж жасау» бөліміндегі жаттығулар енгізіледі.

Жаттығулар 30 реттен орындалады. Әрбір 5 реттен кейін баланың демалуы үшін үзіліс жасалады. Массаж сеансының ұзақтығы - 30 минут.

Осылайша, массаж артикуляциялық сөйлеу аппаратының бұлшық еттеріндегі патологиялық көріністерді әлсірету, сөйлеу бұлшық еттерінің қимылдау мүмкіндіктерін дамыту, оларды дыбыстау процесіне енгізу мақсатында жүргізіледі. Бұдан басқа, сөйлеу аппаратының бұлшық еттерін белсендіру үшін артикуляциялық жаттығулар қолданылады. Артикуляциялық жаттығуларды массаждан кейін 20-30 минуттан кейін жүргізу ұсынылады[9].

Елена Архипованың логопедиялық массажы

Бұл автор сөйлеудегі күрделі бұзылыстарды түзетуге арналған логопедиялық массаждың өзіндік әдістемесін ұсынды. Бұл әдіс ауруға байланысты ауыз қуысы мен беттің бұлшық еттеріне дифференциалды әсер етуді қамтиды. Мұндай логопедиялық массажды дизартриясы бар және салауруына шалдыққан балаларға жасауға болады. Архипованың әдісі бойынша логопедиялық массаж сеанстары, күнделікті 10нан 20 күнге дейін курстармен жүргізіледі. Курстардың арасында ұзақ үзілістер жасау тиімсіз болып табылады. Себебі бұл алынған нәтижелерге жағымсыз әсер етуі мүмкін. Процедураны дәрігер немесе логопед маманы жүргізуі керек, себебі әрбір балаға жеке тәсілді қолдану қажет болады.

*Логопедиялық массажды орындауға арналған ұсыныстар.*

1) Артикуляциялық бұлшық еттерге босаңсыту массажын жасау.

Бұл тілдің бұлшық еттеріндегі (бет, ерін, тілдік бұлшық еттері) тонустың артуы жағдайында қолданылады.

Бет массажын жүргізу қарым-қатынастың мимикалық құралдарын қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге, оралды сфераның дамуына ықпал етеді, бұл баланың қалыпты тамақтануы үшін және сөйлеуін әрі қарай дамыту үшін қажет.

Мойынның бұлшық еттерін босаңсыту (бастың енжар қимылдары).

Артикуляциялық бұлшық еттерді босаңсыту массажы жоғары иық және мойынның бұлшық ет тонусын босаңсытуға бағытталады.

Бала шалқасынан жатқызылады. басы біршама артқа қаратылады:

а) бір қолмен баланың мойынын артынан ұстау керек, басқа қолмен бастың сағат тілімен, кейін сағат тіліне қарсы айналма қимылдарды жасату керек;

б) баяу, ырғақты қимылдармен баланың басын бір жаққа, екінші жаққа бұрамыз, содан кейін алға қарай тербетеміз (3-5 рет).

Мойын бұлшық етін босаңсыту, тілдің түбірінің біршама босаңсуын туындатады. Оралды бұлшық еттерді босаңсытуға беттің, еріннің, мойынның, тілдің бұлшық еттерін сипаумен, жеңіл ұрғылау арқылы қол жеткізуге болады. Қимылдарды екі қолмен перифериядан орталыққа қарай жүргізу қажет. Қимылдар жеңіл, сырғымалы, біршама қысыңқы болуы керек, алайда терінің созылмауы керек. Әрбір қимыл 5-8 рет қайталанады.

*Бет бұлшық еттерін босаңсыту:*

- маңдайдың ортасынан шекеге қарай сипау;
- қастан бастың шашты бөлігіне қарай сипау;
- маңдай сызығынан көздің айналасына қарай сипау;
- маңдай сызығынан бастап бетті төмен қарай, шекеге, иекке және мойынға қарай сипау;
- құлақ қуысының төменгі ұшынан бастап (құлақтың ұшы) шекеге және мұрынның қырларына қарай сипау;
- төменгі жақтың ұштары бойынша жеңіл шымшушы қимылдар жасау;

*Ерін бұлшық етін босаңсыту:*

- жоғары ерінді ауыздың бұрышынан бастап орталыққа қарай сипау;
- төменгі ерінді ауыздың бұрышынан бастап орталыққа қарай сипау;
- жоғары ерінді сипау (жоғары-төмен қимылы);
- төменгі ерінді сипау (жоғары-төмен қимылы);
- мұрын-ерінді қатпарларды мұрынның ұшынан еріннің бұрыштарына қарай сипау;
- ерінге нүктелік массаж жасау (сағат тілі бойынша айналма жеңіл қимылдар);
- ерінді саусақтармен жеңіл ұрғылау.

Бет бұлшық етін ассиметриясында артикуляциялық массажды зақымдалған жақты түзетуге бағытталған көптеген массаждық қимылдарды жүзеге асырамыз.

Массажды қимылдар орталықтан периферияға қарай жүргізіледі. Бет бұлшық еттерін нығайту сипау, ысқылау, илеу, шымшу тәрізді қимылдар арқылы жүзеге асырылады. 4-5 жеңіл қимылдардан кейін олардың күші артады. Олар қысыңқы бола бастайды, бірақ ауырсыну сезілмейді. Қимылдар 8-10 рет қайталанады.

Сөйлеу аппаратына массаж жасаудың негізгі ерекшеліктері келесідей болады:

*Тілге массаж жасау*

Массажа баланың ыңғайлы жатуы тиіс, массаж тамаққа дейін немесе тамақтан кейін 1,5-2 сағаттан кейін орындалуы қажет.

Қызыл иектің массажы иектің бір жағында көлденең бағыттағы қимылдан басталады. Бұл сілекей ағынын күшейтеді, сондықтан 2-4 қимылдан кейін балаға сілекейін жұтуға мүмкіндік беру қажет. Содан кейін қызыл иектің басқа жағына массаж дәл осындай үлгіде жасалады. Әрі қарай қызыл иектерге тік қимылдармен массаж жасалады.

Таңдайға орта сызық бойынша саусақпен, жұмсақ таңдайды жеңіл көтеруден бастап массаж жасалады. Бұл қимыл 10-15 рет қайталанады. Массаж кезінде бала дауысты А және Э-деп дыбыстай алады.

Тілге құсу рефлексінің көріну аймағына дейін алдынан артқа қарай массаж жасалады. Мұнда сипау, жеңіл ұрғылау, вибрация 15 секунд ішінде орындалады.

Тілдің бұлшық еттерін босаңсытуға арналған массаж:

— жақ сүйегінің шұңқыры аймағындағы нүктелік массаж, оны 15 секунд ішінде жүргізеді, сұқ саусақпен төменгі жақтың астында вибрациялық қимылдар жасалады;

— жақ сүйегінің бұрышында екі қолдың сұқ саусақтарымен вибрация жасау (15 секунд).

Мұнда тікелей, спираль тәрізді, шенбер тәрізді қимылдар қолданылады, мұнда тілді бір қолдың саусағымен ұстап тұру керек, ал екінші қолдың саусақтарымен массаж қимылдарын орындау керек. Олар келесі бағыттарда орындалуы керек:

- тілдің ортасынан оның ұшына қарай және кері қарай;
- тілдің ортасынан солға және оңға қарай («шырша»);
- тілдің сол ұшынан оң ұшына қарай және кері (тілдің ортасымен);
- саусақты тілдің үстімен әртүрлі бағытта жүргізу;
- тілдің ұшын шымшу және созу;
- тіл астындағы желбегектен тілдің ұшына қарай және кері сипау.

Сілекей ағынын жою бойынша жұмыс

1) Балаларды жақсылап шайнауға үйрету – алдымен басты артқа қарай шалқайтып үйрету қажет;

2) Сілекейді соруға үйрету және жаттығуды орындау алдында сілекейді бір қимылмен жұтуға үйрету керек;

3) Тілді ауыздың алдында айналдыру, содан кейін сілекейді жұту.

Жоғарыда берілген логопедиялық массаждың тәсілдерін жұмыс барысында негізге ала отырып, әр алуан құралдарды қолдануға болады. Мысалы, қасық, шырын ішуге арналған түтікшелер, шпатель және т.б.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Логопедиялық жұмыстың ажырамас әрі маңызды бөлігі логопедиялық массаждың тиімділігі зор. Логопед мамандары логопедиялық массажды сөйлеу аппаратының бұлшық еттерін қалпына келтіру мақсатында кеңінен қолданады. Әсіресе, массаж сал ауруына шалдыққан балаларды кешенді педагогикалық түзету барысына енгізіледі.

Логопедиялық массаж барысында қолданылатын классикалық, нүктелік, құрал-жабдықтармен жасалатын немесе өзіндік массаж тәсілдерінің қай қайсысы да бұлшық етті қалпына келтіру жұмысында тиімділігімен ерекше болып табылады. Аталған массаж тәсілдерін әр түрлі авторлар өз бетінше қолдану үлгісін ұсынады. Мысалы, Е.В. Новикова зондтар жиынтығымен тілге, ерінге, маңдайға, жаққа, жұмсақ таңдайға арналған ерекше массажды құрастырды. Бұл зондтардың көмегі арқылы бұлшық еттерді сырғыту, қысым жасау, ығыстыру, қажау түріндегі әртүрлі қимыл-қозғалыстарды жүзеге асырады.

Ал Елена Архипова сөйлеудегі күрделі бұзылыстарды түзетуге арналған логопедиялық массаждың өзіндік әдістемесін ұсынды. Бұл әдіс сөйлеу бұзылыстарына сай ауыз қуысы мен беттің бұлшық еттеріне дифференциалды әсер етуді қамтиды. Мұндай логопедиялық массажды дизартрияда және сал ауруына шалдыққан балаларға жасауға болады.

Сонымен қатар Е.А. Дьякова мен А.А. Шафеевалардың да логопедиялық массажды өз бетінше қолдану әдістері белгілі. Авторлар бет, маңдай, ерін, тіл және мойын бұлшық еттеріндегі биологиялық белсенді нүктелерге әсер етудің жалпы бұлшық ет жағдайын жақсартуға септігін тигізетіндігін дәлелдеп, негізгі массаж жасау аймақтарын белгілеп береді.

Аталған авторлардың ұсыныстарына сүйенетін болсақ, логопедиялық массажды жасауды келесі кезеңдерге бөлуге болады:

— дайындық кезеңі: бұл кезеңде баланың сөйлеу аппаратының құрылымы зерттеліп, массаж жасалатын бөлме, отыратын неме-

се жататын орын, зондтар және массаж жасаушы басқада қажетті құрал-жабдықтарды дайындалуы тиіс;

— негізгі кезең: яғни массаждың жасалуы, бұлшық еттерді белсендіру немесе тынықтыру (жұмсарту) жүзеге асады;

— қорытынды кезең, массаж жасаушы бұлшық еттерді уқалау барысын біртіндеп әлсіретіп, баяу әрі жағымды массаж жасауды аяқтайды.

Логопедиялық массажды қолдану арқылы педагогикалық түзету барысын жылдамдатып, жағымды нәтижелерге жетуге болады. Сонымен қатар логопедиялық массажды тіл дамуында тежелістері бар балалардың ата-аналары үй жағдайында да қолданулары мүмкін. Алайда, массаж жасау барысында өте мұқият болғаны жөн. Яғни, ата-ана арнайы маман кеңесінен соң массаждың жеңіл түрлерін қиындықсыз жасай алады. Осылайша, баланың сөйлеу аппаратының бұлшық ет жағдайы жақсарып, дыбыстарды дұрыс айтып қарқынды сөйлеуі дами бастайды.

Қорыта айтқанда, адам ағзасында бұлшық еттің алатын орны зор. Бұл бұлшық ет кешені біздің жүріп-тұруымызға, қоршаған ортада еркін іс-әрекет етуімізге, тіпті тамақты шайнап, оны жұтуымызға, белгілі дыбыстарды шығарып, оны буынға, сөзге және сөйлемге айналдыруымызға көмектеседі. Кез келген бұлшық еттің қызметінің бұзылуы толық жүйе қызметінің тежелуіне әкеледі. Ал массаж арқылы осы қызметі бұзылған бұлшық етті қалпына келтіруге болады. Сол себепті логопед мамандары сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалармен жұмыс барысында логопедиялық массажды кеңінен қолданады. Логопедиялық массаж арқылы баланың шайнау, жұтыну, дыбыстарды дұрыс айту қызметтерін жақсартуға болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1) Васичкин В.И. Справочник по массажу. — Л.: Медицина, 1991.
- 2) Блыскина И. В. Комплексный подход к коррекции речевой патологии у детей. Логопедический массаж: методическое пособие для педагогов дошкольных образовательных учреждений. - СПб.: ДЕТСТВО-ПРЕСС, 2008.
- 3) Архипова Е. Ф. Коррекционно-логопедическая работа по преодолению стертой дизартрии у детей. М.: АСТ Астрель, 2008.
- 4) Шафеева А.А. Логопедический массаж: методическое пособие. — М.: В. Секачёв, ИОИ, 2009.
- 5) Панченко И. И., Щербакова Л. А. Медико-педагогическая характеристика детей с дизартрическими и анартрическими расстройствами речи, страдающих церебральными параличами, и особенности приемов логопедической работы// В кн.: Нарушения речи и голоса у детей. – М.: 1975.
- 6) Дьякова Е.А. Логопедический массаж. – М.: Академия, 2005.
- 7) Новикова Е.В. Зондовый массаж: коррекция звукопроизношения. — М.: ГНОМ и Д, 2000.
- 8) Новикова Е.В. Зондовый массаж: коррекция звукопроизношения.— М.: ГНОМ и Д, 2004.— Ч. 3.
- 9) Новикова Е.В. Зондовый массаж. — М.: ГНОМ и Д, 2006.— Ч. 4.
- 10) Архипова Е. Ф. Логопедический массаж при дизартрии.- М.: АСТ Астрель, 2008.



Ж. Естемесова.

ДИЗАРТРИЯСЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН  
ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ЖҰМЫСЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Әдістемелік нұсқаулық

3 бөлім

Редактор Ж. Естемесова.  
Технический редактор Д. Токтарбекова.  
Компьютерная верстка А. Кабанбаев.

---

Формат 60x84\16. Бумага офсетная. Усл. печ. л. 2,25.

---

ННПЦ КП 050008, г. Алматы, ул. Байзакова 273 А,  
тел\факс 394-45-17, 394-45-07.